

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған контрактілерді тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 шілде N 903. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.27. N 484 қаулысымен. ~P980484

"Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған контрактілерді тіркеу тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Құзыретті органдары мен пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша, кең таралғандарды қоса, Жер қойнауын пайдаланушылар арасында жасалған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған контрактілерді тіркеу жөніндегі өкілетті органы болып белгіленсін.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған контрактінің, мемлекеттік тіркеу актісі болмаса, күші жоқ деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасындағы Жер қойнауын пайдаланушылармен Контрактілер жасасу және оны атқару жөніндегі Қазақстан Республикасының Құзыретті органдары Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған контрактілерді тіркеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 15 шілдедегі  
N 903 қаулысымен

Бекітілген  
Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану  
жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған  
Контрактілерді тіркеу тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге арналған Контрактілерді (Контрактіге өзгертулерді, толықтыруларды) тіркеудің бірыңғай ережелерін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Құзыретті органдары мен Жер қойнауын пайдаланушылар (Мердігерлер) арасында жасалған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактілерді тіркеу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Өкілетті органы болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактілерді тіркеу бойынша (Тіркеу органдары) атқарушы органдарды айқындайды.

4. Тіркеу органы тіркеген күннен бастап, егер Контрактіде күшіне енудің өзгедей, анағұрлым кеш мерзімдері сөз етілмесе, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактілер заң күшіне ие болады.

5. Құзыретті орган Тіркеу органына мыналарды жолдайды:  
1-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі ұсыныс (Контрактіге өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу үшін - 2-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі ұсыныс);

экологиялық, құқықтық, салықтық және экономикалық сараптамалардың қорытындыларымен бірге Контракті мен оның көшірмесі.

6. 5-тармақта көрсетілген құжаттар берілген сәттен бастап 10 жұмыс күні мерзімінде Тіркеу органы:

ұсынылған құжаттар пакеттерінің толықтығын тексеруге;

Контракт ережелерінің Лицензия шарттарына сәйкестігін тексеруге;

3-қосымшаға немесе 4-қосымшаға сәйкес Контракт Тараптарына Контрактіні Мемлекеттік тіркеу актісінің белгіленген үлгісін (Жалпы таралған пайдалы қазбалар үшін) беруге;

реестрге Контрактіні мемлекеттік тіркеу актісін енгізуге міндетті.

7. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған

Контрактіге өзгертулерді (толықтыруларды) Құзырлы орган Тіркеу органында  
тіркеуге міндетті.

8. Егер тараптардың келісуі бойынша өзге, анағұрлым кеш мерзімдер белгіленбесе, Тараптар Контрактіге енгізген өзгертулер (толықтырулар) Тіркеу органындағы Контрактінің өзгертілген (толықтырылған) мәтіні мемлекеттік тіркеуден өткізген сәттен заң күшіне ие болады.

9. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактіге өзгертулерді (толықтыруларды) тіркеу тәртібі Контрактіні тіркеу тәртібімен бірдей.

10. Осы Ереженің 5-тармағында санамаланған құжаттардың толық емес пакеті тіркеу үшін ұсынылған кезде, тіркеу органы құжаттарды тіркеуге қабылдамайды.

11. Контрактінің ережелері Лицензияның шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Контракт тіркеуге алынбайды. Тіркеу органы тіркеуді орындаудан бас тартуды жазбаша түрде Лицензияның 10 күндік мерзімі бұзылғандығына міндетті түрде сілтеме жасай отырып жүргізеді.

### 1-Қосымша

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды  
жүргізуге арналған Контрактіні мемлекеттік  
тіркеуге ұсыныс

\_\_\_\_\_ қаласы " " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.

1. \_\_\_\_\_ тіркеу органына

2. Жер қойнауын пайдаланушы (Мердігер) \_\_\_\_\_

3. Лицензия сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ берілген

берілген күні \_\_\_\_\_

берілген мақсаты \_\_\_\_\_

4. Экономикалық, экологиялық, құқықтық сараптамалардың  
қорытындылары \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Құзыретті органы жасаған \_\_\_\_\_

Контрактінің толық атауы

Контракт \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тіркеуге ұсынылды  
жасалған күні \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

Құзыретті органның ресми өкілі \_\_\_\_\_  
қызметі, аты-жөні

## 2-Қосымша

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды  
жүргізуге арналған Контрактіге өзгертулерді  
(толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге ұсыныс

\_\_\_\_\_ қаласы " " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.

1. \_\_\_\_\_ тіркеу органына

2. Жер қойнауын пайдаланушы (Мердігер) \_\_\_\_\_

3. Лицензия сериясы \_\_\_ N \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілген

берілген күні \_\_\_\_\_

берілген мақсаты \_\_\_\_\_

4. Контракт сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ арасында жасалған

жасалған күні \_\_\_\_\_

5. Экономикалық, экологиялық, құқықтық сараптамалардың  
қорытындылары \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Құзыретті органы \_\_\_\_\_

Контрактінің толық атауы

жасалған Контрактінің  
өзгертілген мәтіні тіркеуге ұсынылады

жасалған күні

Құзыретті органның ресми өкілі  
қызметі, аты-жөні

3-Қосымша

Елтаңба

Қазақстан Республикасының Геология  
және жер қойнауын қорғау министрлігі

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды  
жүргізуге арналған Контрактіні мемлекеттік тіркеу  
Актісі

" " 199 ж.

Осы актімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан  
Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беретін N\_\_\_\_,  
сериялы лицензиясы негізінде жасалған

Қазақстан Республикасының Құзыретті органы  
және

Жер қойнауын пайдаланушы (Мердігер)  
арасындағы

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операция түрі  
пайдалы қазбаға  
арналған Контракт тіркеледі.

Тіркеу нөмірі

Министр

4-Қосымша

Елтаңба

Қазақстан Республикасының Геология  
және Жер қойнауын қорғау министрлігі

---

Тіркеу органының атауы

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды  
жүргізуге арналған Контрактіні мемлекеттік тіркеу  
Актісі

\_\_\_\_\_ қаласы " " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.

Осы актімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан  
Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беретін N\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ сериялы лицензиясы негізінде жасалған \_\_\_\_\_

---

Қазақстан Республикасының Құзыретті органы  
және \_\_\_\_\_

Жер қойнауын пайдаланушы (Мердігер)  
арасындағы \_\_\_\_\_

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі  
кең таралған пайдалы қазбаға \_\_\_\_\_  
арналған Контракт тіркеледі.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

---

Тіркеу органының атауы

Бастығы \_\_\_\_\_